



Ақмешіт

4 маусым
сенбі

№44 (1849)

2022 ЖЫЛ

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҰЛТ АЙБАРЫ

«Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,
Қорғамасақ несің ұл боп туғанбыз».

Иә, ақын Несіпбек Айтұлының осы екі қатар өлеңінде елдікке негізделген өміршен леп бар. Мемлекеттік рәміздер Қазақстанның дербес ел екендігінің жарқын көрінісі. Онда ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойғы мақсат-мүддесі мен мұқабалас рухы жатыр. Еліміздің әр азаматы Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұжырай қастер тұтуы қажет.

Рәміз, тіл, шекара кез келген елдің байлығы саналады. Оны көздің қарашығындай қорғау біз бен сізге серт. Өйткені ол сенің Отаның. Ұрпағыңның кіндік қаны тамған жері. Ата-бабаңның мәңгілік тыныстаған тұрағы.

Мемлекеттік рәміздер күні 1992 жылы 4 маусымда қабылданып, бекітілді. Бұл сонау соқтықпалы соқпақты жылдардан бергі алаш арыстарының аңсаған арманы еді. Осынау айтулы мерекені бүгінде еліміз жыл сайын жоғары деңгейде атап өтеді.

Әрбір мемлекеттің әнұраны шетелдерде екі жағдайда шықпалып, туы екі жағдайда көкке көтеріледі. Оның біріншісі – ел Президенті сол елге іссапармен барғанда. Ал екіншісі – спортшы жеңіс тұғырына көтерілгенде.

2 БЕТТЕ



ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ КӨБЕЙДІ

Зейнетақы мен жәрдемақы бүгінде кей отбасының күнкөріс көзі болып отыр. Дегенмен бүгінгі нарықтың бағасын айтқанда зейнетақы мен жәрдемақы бір отбасыны асырауға жетпейтіні анық. Сондықтан да зейнеткерлер зейнетақы өсті десе қуанады. Осы айдан бастап ол кісілердің қаржысына қаржы қосылып, зейнетақылары өсті. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстандықтар жоғарылатылған зейнетақы мен жәрдемақыны маусым айынан бастап алады. Сондай-ақ маусым айында оларға сәуір және мамыр айларының қосымша төлемдері беріледі. 12 мамырда қабылданған заңға сәйкес 1 сәуірден бастап 2022 жылға арналған инфляциялық дәлдікті қайта қарауды ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӨҚК) ынтымақты зейнетақылар мен әлеуметтік төлемдердің мөлшері қосымша 4 процент өсіп отыр. Сонымен қатар ең төменгі күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты базалық зейнетақы мен жәрдемақы да 4 процент өскен.

Заңға сәйкес, 1 сәуірден бастап: айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3180 теңге мөлшерінде;

ең төменгі зейнетақы – 48032 теңге; ең төменгі күнкөріс деңгейі (ӨМ) – 37389 теңге; базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 20191 теңге.

ТАЗАЛЫҚШЫЛАР ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ ТЕГІН ЖҮРЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың жеке қабылдауында болған қала тұрғыны, «Қызылорда тазалығы» мекемесінде көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Гүлайым Қарғабева ұжымдастарының қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру туралы өтінішін жеткізген еді.

Аймақ басшысы тазалықшылардың еңбегі жоғары екенін айтып, қала әкіміне 1 маусымнан бастап, қоғамдық көлікте тегін жүруіне жағдай жасауды тапсырған болатын. Осыған орай қала әкімі Асылбек Шаменов туган өлке тазалығына қырағалық таңытып, уақытпен санаспай жұмыс жасап жүрген еңбек аламыздарымен кезексіз, қоғамдық көлікте тегін жүретін куәліктерін табыстады.

– Сіздер адал еңбектеріңізбен қаламызды көркейтіп, ауа райының барлық қиындықтарына қарамастан тазалық мәдениетінің қалыптасуына зор үлес қосып келесіздер. Бұл қызметтеріңіз ешқашан елеусіз қалмайды. Алдағы уақытта жыл сайын еңбек демалысы алдында ел аумағындағы шипажайларға тегін жолдама беру жоспарлануда. Сонымен қатар жастарды жұмысқа ынталандыру мақсатында арнайы қызметтік пәтер жағы қарастырылуда. Сіздерге жасалған қамқорлық пен көрсетілген қолдау жалғасын таба бермек, – деді қала әкімі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ПАТРИОТТЫҚ ШЕРУГЕ СЕП БОЛҒАН ДАҢҒЫЛ



Соңғы жылдары қаламызда жол инфрақұрылымын дамыту бойынша қарқынды тірлік атқарылуда. Облыс орталығында жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Тақтайдай тегіс көшелер қала көркіне көрік қосары сөзсіз. Соның бірі – Тәуелсіздік даңғылының жалғасы саналатын, шағын аудандардың арасын қосатын жаңа магистральды жол. Халықаралық балаларды қорғау күнінде жаңа жол ашылып, пайдалануға берілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала тұрғындарын жаңа жолдың ашылуымен құттықтады.

– Адам мен адамды бауырластырып, ел мен елді жақындастыратын жайлы жолдың жайы қай кезеңде де халық үшін маңызы аса зор. Бүгінгі күні қаламыз қарқынды дамып, аумағы кеңейіп, халқының саны да артып келеді. Жаңадан шағын аудандар бой көтеріп, зәулім ғимараттар салынууда. Осы ретте, тұрғындар үшін жүріп-тұруға қолайлы жағдай жасау, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – алдымыздағы басты міндеттің бірі. Шын мәнінде, жол қатынасы – бұл ең үлкен өмірлік қажеттілік деуге болады. Ендеше, жол құрылысын жүргізген мамандарға алғыс айтамыз, оның иігілігін ел көруді несіп етсін, – деді облыс әкімі.

Мерекелік шара барысында еңбек ардагері, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» Жарлықасын Шәріпов жаңа жолдың ашылуымен құттықтап, ақ батасын берді.

Ұзындығы 4,6 шақырымды құрайтын жаңа магистральды жолда патриоттық шеру өткізілді.

Дамира ЕРЛАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің студенті

БІЗ ЛАГЕРЬГЕ БАРАМЫЗ...

Балғын балаларымыз сағына күткен жаз мезгілі де жадырап келді. Дәл осы сәтте каникулға шығатын мектеп оқушылары үшін лагерьге жолдама алу – үлкен қуаныш. Осы орайда, өрендердің демалысын тиімді өткізуді ұйымдастыру – жауапты іс. Бүгінгі таңда тынығу лагерьлері балаларға көңілді демалыс өткізуге лайын.

4 БЕТТЕ



БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРДЫ

«Сыр – Алаштың анасы». Сырдың жағасында орналасқан қаланың бүгінде күн санап құлпырып, көз алдымызда өркендеп, өсіп келе жатқаны қуантады. Аймақта атқарылған айшықты істің қатарында тұрғын үй құрылысын атап айтуға болады. Соңғы жылдары оңірде тұрғын үй салу жанданып, жыл сайын айтулы күндерде пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналды. Мұндай үрдістен биыл да қалыс қалғанымыз жоқ.

3 БЕТТЕ



Түркия Сирияның солтүстігінде Таль-Рифаат пен Манбидж елді мекендерінде «террористерден тазарту мақсатында» арнайы операция бастады. Түркия басшысы Режеп Тайып Ердоғанның өзі басқаратын Әділет және даму партиясының мүшелерімен кездесуде жасаған бұл мәлімдемеге әлем назары ауып, Түркия-Ресей қарым-қатынасы көпшілікті алаңдатты. Бір апта бұрын Ердоған террористік қауіп-қатерлермен күресу үшін ұзындығы 30 шақырым болатын оңтүстік шекарада қауіпсіз аймақ құруға ниет білдірген еді.

«Біз оңтүстік шекарамыздың бойында 30 шақырымдық қауіпсіз аймақ құруға деген шешіміміздің жаңа кезеңіне аяқ бастық. Таль-Рифаат пен Манбиджді террористерден тазартамыз және басқа аймақтарды да солай етеміз», – деп Түркия президенті арнайы операция басталғанын ресми мәлімдеді.

Түркияның бұл шешімі ең бірінші кезекте Ресейді алаңдатқан болатын. Ердоғанның мәлімдемесіне Ресейдің сыртқы істер министрінің ресми өкілі Мария Захарова пікір білдірді.

«Мұндай күштік операция туралы хабарламаны дабылмен қабылдадық. Мұндай қадам, Сирия Араб Республикасының заңды келісімінсіз жүзеге асса САР егемендігі мен аумақтық тұтастығын тікелей бұзу болып табылып,

елдегі онсыз да ушыққан шиеленіске кері әсер етеді. Анкара Сириядағы қауіпті жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін әрекеттерден бас тартады деп үміттенеміз», – деді Захарова.

Ресей СІМ ресми сайтында жарияланған мәлімдемеді Мария Захарова, сондай-ақ Түркияның бұл арнайы операцияны өз шекарасына қауіп төндірмеу мақсатында өткізіп отырығанына түсіністікпен қарайтынын айтты. Сонымен қатар Ресей Сирия-Түркия шекарасында сенімді қауіпсіздік орнату үшін Сирия күш құрылымдарының әскери қызметшілерін орналастырған дұрыс екенін айтты. «Мұндай қадам Анкараның «Сирия егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу» туралы бірнеше рет ресми түрде айтылған мәлімдемесінің іс жүзіндегі көрінісі

СИРИЯДАҒЫ СЕРГЕЛДЕН: ТҮРКИЯ МЕН РЕСЕЙ СОҒЫСА МА?



болар еді», – деді Ресей сыртқы істер министрінің өкілі.

Түркияның бұл әрекетіне Сирия СІМ де жауап берді. Онда Түркия президентінің әрекеттері Сирия егемендігін бұзу деп саналатынын айтты. Тіпті Александр Пылевтің «Блокнот» ақпарат агенттігінде

жарияланған «Ресей Түркиямен соғыса ма: Сириядағы Ердоғанның арнайы операциясы неге әкеледі?» атты мақаласында Ердоғанның бұл ісі туралы сарапшылардың пікірі жазылған. Мақалада айтылғандай, «Рыбар» телеграм-арнасының сарапшылары Түркияға шекараны бақылауда

ұстау маңызды еместігін алға тартуда. Сарапшылардың пікірінше, Құрд қарулы күштерін саяси оқшаулау үшін 30 шақырымдық қауіпсіздік аймағы кеңейтілуде. Себебі олардың Түркия шекарасына жақын аймақта орналасуын Ердоған «қауіп» деп біледі. Ал Режеп Тайып Ердоғанның өзі арнайы операцияға байланысты «Біз сондай-ақ Түркия қабылдаған 1 млн сириялық босқының өз еркімен қайда оралуына жағдай жасампақпыз», – деді.

Арнайы операцияның қорытындысы бойынша Түркия Сирияның солтүстігіндегі мыңдаған шаршы километрді бақылауға алуы, ал бірқатар деректер бойынша елдің ең ірі қаласы – Алеппоны бақылауға алуы жоспарлап отыр. Ал 2015 жылы АҚШ қолдауымен құрылған «Сирия демократиялық күштерінің» құрд құрамалары түрік әскерлеріне тойтарыс беретіндерін айтуға, Сирия өз кезегінде бұл жоспарларға барынша

қарсылық білдіретінін жеткізсе, арнайы операция басталардан бір апта бұрын араб әлеуметтік желілерінде түріктер «тазарту» жүргізуді жоспарлап отырған аймақта ресейлік әскери қызметшілер база мен нысандарын тастап кетті деген ақпарат таралды.

«Түсініксіз жойт: Ресей армиясы Украинадағы жағдайға қатысты Түркияның белгілі бір әрекетін күтіп, алдын ала шегінді ме? Әлде бұл қайта топтасып, алдағы күндері Алеппо провинциясында әскерлердің елеулі қысымын жасауға дайындық па?» – деп жазды Александр Пылев.

Әскери сарапшы Виктор Литвиннің пікірінше, Ресей ресми түрде түріктерді 2019 жылғы келісімді бұзды деп айыптап, барлығын бейбітшілікке шақырады. «Біздің солтүстік-шығыстағы әскеріміз түркиялықтармен қақтығыспайды. Әрине, Түркия өзі бастап біздің немесе сириялық биліктің аймағына шабуыл жасамаса. Негізінде құрд жасақтары американдықтардан ақша алады, ал ресейлік әскер түрік шабуылынан қалқан ретінде күрдтерді қолданады», – деді сарапшы.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Тәуелсіз Қазақстанның туын өзге елдерде желбіретіп, әнұранымызды шырқап, елімізді әлем алдында танытып жүрген спортшыларымыз жетерлік. Олар талай дүбірлі долада ел намысын абыроймен қорғап, жеңіс туын желбіретіп жүр. Мереке қарсаңында жерлестеріміздің рәміздер жайлы пікірлерін білген едік.

Мақсат Исағабалов, «Әлем барысы» халықаралық турнирінің қола медаль иегері, қазақ күресінен Азия чемпионы, қазақ күресінен облыстық «Алтын белбеу» ақтық сайысының жеңімпазы, «Сыр барысы» номинациясының иегері. Самбо күресінен халықаралық турнир жеңімпазы.

– Сырт елдегі сайыстарда чемпион болған сәт әрбір спортшының бақытты кезеңі. Себебі оның әнұраны шырқалып, туы көкте желбіреп, әлем алдында абыройы асқақтап тұрады. Бұл – Басы 1-бетте



мәртебеге жету кез келген спортшының арманы. Шетелде өнер көрсету үлкен жауапкершілік. Түркіменстан елінде самбодан өткен сайыс әлі есімде. Сонда бірінші орынның тұғырына көтерілгенде көк туымызға көзім түсіп, көңілім босады. Көзден шыққан қуаныш жасы соған дейінгі нәтиженің өтеуі іспетті. Барлық жасаған дайындық сол сәтте көз алдыма кино ленталы өтті. Біздің мақсатымыз дүбірлі додаларда көк туымызды көкте

ҰЛТ АЙБАРЫ

желбіретіп, қазақ атын әлем алдында асқақтату, – дейді Мақсат Исағабалов.

Ресми дереккөздерге сүйенсек, еліміздің мемлекеттік туын жасаумен 600 адам шұғылданып, комиссия қарауына 1200 нұсқа ұсынылған екен. Мемлекеттік Ту ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Ту сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың көгілдір біртүстілігі, аспанның бұлтсыз таза күмбезін бейнелейді. Күн сәулесіне шомылған алтын күн, тыныштық пен байлықты білдіреді. Қыран қазақтардың жомарттығы мен қырағылығын, пейілінің кеңдігін танытады. Бұл – ел-

дігімізді айқындап, айбарымызды асқақтатып тұрады хак.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Шаңырақтың екі жағында қанатты пырақтар орналастырылған. Пырақ – дала дүлдiлi, ер-азаматтың сайгүлiгi саналған. Бұл – тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Жоғарғы белгідегі бес бұрышты көлемді жұлдыз елтаңба тәжі іспетті. Ол әрбір адамның нұсқайтын жарық жұлдызы бар дегенді нұсқаса керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны – «Менің

Қазақстаным» әні. Әнұранның әуені адам жанына рухани шабыт сыйлап, елді жанашырлық пен жаңғыруға үндейді.

Міне, осы үш рәміз ұлтымыздың ұлы құндылығы. Бұл – тәуелсіздігіміздің төндесіз жеңісі мен жеңісі.

– Тәуелсіз еліміздің бірден-бір қасиетті нышаны саналатын рәміздерімізді құрметтеп, қастерлей білу – бүгінгі һәм ертеңгі ұрпақтың парызы деп білемін. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Жастардың отансүйгіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, батылдыққа тәрбиелейді. Алғашқы жылдардағыдай емес, қазіргі кезде еліміздің әнұраны мәтінін білмейтін жан кемде-кем. Ол насихаттың жемісі болса керек. Біздің спорттық сайыс



алдында бір ғана арманымыз болады. Ол жеңімпаз атанып, әлемдік деңгейде әнұранды шырқатып, көк туымызды желбірету. 2019 жылы Алматы қаласында бүкіләлемдік дәрежедегі спорт саннақтары бас қосты. Сонда финалға дейін барлық қарсыластарымыз айқын басымдықпен жеңіп келіп, ақтық мәре алдында еліміздің атын шығарсам деген кесек ой көкейіме тұрды да қойды. Шімінен тілек тілеп отырмын. Бір кезде кар-

сыластың осал жерін тауып, жеңіп кеткенімде қуанғанымнан көзімнен жас ырышып түсті. Шімінен бір дауыс «Қазақстан, сен Азия чемпионысың!» дедім. Одан кейін Араб елдерінің Фуджейра қаласында және Мәскеу еліндегі сайыстарда қыз баласы болсам да қазақ атын шығару менің айнымас арманым болды. Сол мақсатыма жеткеніме қуаныштымын. Рәміз – еліміздің жүрегі. Оның қасиетін барша жастардың бойына сіңіре беру керек, – дейді қаратқан Азия чемпионы Мәлдір Жанбырбай бізбен әңгімесінде.

Рәміздеріміз – рухымыз, ар-ожданымыз. Елтаңбамыздың енесі биік, туымыздың тұғыры берік, әнұранымыздың үезі басым бола бергей. Бұл – барша жұртшылықтың түпкі тілегі. Татулықты ту еткен тәуелсіз елдің айбары осы құндылықтармен арта бермек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

РӘМІЗДЕН ҚУАТ АЛҒАНДАР

Шет елде жүрген қазақтардың бойында туған елге, атамекенге, алтын бесік ауылға деген сағыныш ерекше болары анық. Олар жат жерде жүрсе де туған жерінің топырағын аңсайды. Ел асса да салт-дәстүрді берік ұстанып, мерекенің барлығын тойлайды. Әсіресе өзге мемлекет төрінде көк тудың желбіреп тұрғаны қандастарымызға күш-қуат беріп, бақыт сыйлайды. Осы ретте шет елде жүрген жерлестерімізбен хабарласып, мемлекеттік рәміздер туралы ойын білген едік.

«ӘНҰРАН ШЫРҚАЛҒАНДА КӨЗ ЖАСЫМА ЕРІК БЕРЕМІН»

Нұрсұлу ҚАСЫМОВА,
«Қазақстан» ұлттық арнасының
Бельгиядағы тілшісі

«Туған жердің қадірін шетке шыққанда білерсің» дегендей ұлттық рәміздеріміздің құндылығын шетелде жүргенде ерекше сезінесің. Еуропадағы Қазақстан елшіліктерінің ғимаратында желбіреп тұрған көк байрағымызды көріп, ғимараттың табалдырығын аттағанда құлды бір елімізде жүргендей сезінеміз. Жұмыс барысымен қарт құрлық елдерінде өтетін халықаралық жиындарға көп барамыз. Онда да біздің туымыз өзінің түсімен, көркімен алыстан-ақ көздің жауын алады. Оны көргенде қазақ мемлекетінің әлемдік қауымдастықта ерекше орны бар екендігіне көз жеткізіп, марқаясың.

етемін. Әнұранымызды қосыла шырқанда елге деген сағынышымыз сәл басылғандай болады. Бір оқиға есіме түсті. Билттер теннистен Қазақстан ойелдер құрамасы Бельгия командасына қарсы ойнады. Жерлестерімізге қолдау көрсетуге әрі спорт додасы жайлы репортаж жасау үшін операторы Бауыржан Дүйсенбекұлы екеуміз Бельгияның Кортрейк қаласына бардық. Ойынның басында әнұранымыз шырқалғанда жанкүйерлердің арасынан қолын жүрек тұсына қойып, әнұранға қосылып тұрған қос бұлдіршіңге көзім түсті. Жанындағы ата-анасы шетелдік, бұл кім болды? деп ойлағаным сол еді, үзілісте қолдарына көк ту ұстаған жаңағы екі балғын қасыма келді. Бельгиялықтар асырап алған қазақтың қара домалақ балалары екен. «Қан тартады» деген

«МӘСКЕУГЕ БАРЫП, ҚАЗАҚША СӨЙЛЕДІМ»

Арайлым СЕРІКҚЫЗЫ,
жеке кәсіпкер



Сөйтіп, олармен қазақша сөйлесіп, өз елінде жүргендей сезінесің.

Бір күні КФС-де кезек күтіп, құрбылармен әңгіме айттып тұр едік. Бір жігіт бізге қайта-қайта күліп қарайды. Қасына жақындап, «неге күлесің?» деп орысша сұрасақ, біздің қазақша сөзімізді түсініп тұрған қарақалпақстандық жігіт екен. Сөйтіп ұялып қалғанымыз бар. Мұнда орыс тілін білмесе де қырғыздар мен өзбектер еңбек етіп жүр. Соларға қарап, күш аламын.

Қазіргі кезде жұмыс барысымен Түркия мемлекеті, Стамбұл қаласында тұрамын. Бір ерекшелігі екі елде де қазақтарды қара жұмысқа алмайды. Себебі бізді ондайға лайық көрмейді. Қазақ елін өте жоғары құрметтеп, білімді халық деп бағалайды. Шетелде жүрген әрбір қазақты көргенде әке-шешеміз бен, бауырымызды көргендей қуанып, сағынышымызды басамыз. Шетел асып жүрсе де қазақтың барлық мерекесін тойлаймыз. Қазақтар бір-бірімізбен жиі бас қосамыз. Өзіміздің көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды шырқаймыз. Әрине, қай жерде жүрсе де, тәуелсіз еліміздің болғаны, көк туымыздың төрде желбіреп, ілініп тұрғаны біз үшін үлкен мақтаныш. Көк туды көрген сайын туған жерге, ағайын-туысқа деген сағынышым басылғандай күй кешемін. Шетелдің бұл ерекшелігі, мұнда әрбір үйдің төрінде өздерінің тудары ілініп тұрады. Бұл – бізге де үлгі.

«БЕЙБІТ ЕЛІҢ СЕНІ ӘРҚАШАН КҮТЕДІ»

Гүлжан ҚАЙЫРБЕКҚЫЗЫ,
докторант

Мен Анкара қаласындағы Қажы Байрам Уәли университетінің журналистика бөлімінің I курс докторантымын. Бұл жаққа келгенімізге тура бір жыл уақыт өтті. Елдің қадірін елде жүріп те білетіндердің қатарынанмын. Бірақ туған жерден жырақ кеткен кезде туған жерге қаншалықты байланғанымыз көп нәрседен байқаймын. Анкарада «Көк ту» деген қазақ қоғамдық мәдени бірлестігі бар. Қоғамдық шаралар, түрлі кездесулер жиі ұйымдастырады. Қазақтарды көру үшін, өз тіліндегі әңгімелерді құлақ құрышыңды қандырып тыңдау үшін де олар өткізетін шаралардан қаламауға тырысамын.

Үлкен жиындарда немесе халықаралық маңызды мекемелердің алдында желбіреген көк туымызды көру маған «Сенің оралатын Отаның бар! Бейбіт елің сені әрқашан күтеді!» дегендей күш-жігер береді. Сол көк туым еркін желбіреген соң мен осылай білім жолында еркін жүргенімді ешқашан ұмытқан емеспін. Түркияға білім алуға әлемнің әр түркінінен келген жастар көп. Оқу үшін келген мақсатымыз ұқсас болғанмен, Түркияға келу себептеріміз бір емес.



Мәселен, ауғанстандық Насрин деген қызбен бір топта бірге оқыдық. Оның айтуынша, оқуы біткен кезде оны қуана күтіп тұрған ешкімі жоқ. Өйткені саяси жағдайларға орай ол Ауғанстанда шетелден оқып келгендерге бақылау, шектен тыс қысым көп.

Бес баламен ел асып, білім алу оңай жүк емес. Бірақ артында бейбіт елің батасын беріп шығарып салса, келген жеріңде сол батаны есіне салып көк туың желбіреп тұрса, түсіне алғанға бұл үлкен тірек деп білемін.

Дайындаған
Ақмарал ОЛЖАБАЙ



ӨЗ ТУЫН ӨЗЕКТЕН ТЕПКЕНДЕР
КЕШІРІМ СҰРАП ҚҰТЫЛА МА?

«Көк тудың желбірегені – қазақтың асқақ белесі». Осы ән жанды тебіреніп, рухты оятады. Мемлекеттік нышандар қашанда құрметке лайық. Ту, елтаңба, әнұран – халықтың рухын жаңитып, құдіретке ие. Әрбір егемен елдің тәуелсіздігін айшықтайтын мемлекеттік рәміздері болады. Сондықтан кез келген елдің азаматы мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауы тиіс. Жас ұрпақтың бойына тумен, әнұранды, елтаңбаны құрметтеуді, қастерлеуді үйрету – аға буынның міндеті. Өкінішке орай кейбір бозөкпе жастарымыз тәуелсіздіктің мәңгілік белгісі һәм бейнесі тәу етер туымызды мазаққа айналдырды. Көк байрағымыз қор болды. Әлеуметтік желіні шарлаған осы бір көрініс көпшіліктің ашуына тиді.

Әлеуметтік желіде Алматы қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында болған концерттің айналасында туындаған дау туралы халық талап қойды. Көпшіліктің ызаасын тулардың көрініс қоғамның қызу талқысына түсті. Киелі сахнада тексіздік көрсеткен оларды қатаң түрде жазалау керек деп жазды белсенділер. Бұл алғашқы болған оқиға емес, көк Ту балқана да ілінді. Атышулы Борат көк байрағымызды өзге елде мазақ етті. Қолы салынған қапқа айналған кездер болды. Алайда олардың барлығы айыпшұл төлеумен жеңіл құтылды. Осылайша мемлекеттік рәміздерді қорлағандар тұтыла берсе, тудың талай рет талқыға түсері анық. Сондықтан да оларды бүгінгі ұрпақ ескерту алатындай қатаң жазалау керек.

Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин келенсіз жағдайға байланысты пікір білдірді.

– Алматы қаласындағы концерт кезінде болған оқиға қоғамда қызу талқыланып жатыр. Концертті NS group ЖШС ұйымдастырған. Shiza лақап атын иеленген азаматтың мемлекеттік туға қатысты әрекеті жіті тексерілді. Жастар осы келенсіз оқиғадан сабақ алып, мәдениет пен этикетті меңгеруі қажет. Біз мемлекетіміздің, тәуелсіздігіміздің символы саналатын мемлекеттік туға зор құрметпен қарауымыз қажет. Оны аяқасты етуге жол бермеу керек. Мемлекеттік рәміздерді қорлаған әрекеттер құқықтық-нормативтік актілерге сәйкес жауапкершілікке тартылады. Өйткені заң баршаға ортақ. Еліміздің әрбір азаматы мемлекеттік туды құрметтеп, қастер тұтуы қажет, – деп атап өтті мемлекеттік хатшы.

Біз жыл сайын рәміздер күнін кең көлемде атап өтеміз. Дегенмен осы күннің мәнін, маңызын жастарымыздың санасына сіңіре алмай келеміз. Өзекті әрекетіміз де осы. Туды мазақ еткендер тұтастай елді мазақ еткендерін түсінулері тиіс. Сахнаның сәнін кетіріп, ойран салуға ешкімнің құқығы жоқ. «Өздерің әншімің деп санап, желігіп жүрген жастарды жазалау керек» деген пікірді қолдайтындар көп. Соның бірі әнші Мейрамбек Беспаев сахнаны қорлап, көпшілік алдында былайыт сөз айтқан Ирина Қайратовнаның командасы қатаң түрде жазасын алуы тиіс деп есептейді.

– Егемендігіміз бен елдігіміздің белгісі, Тәңірден тілеп алған тәуелсіз-

дігіміздің символы, қастерлі де қасиетті көк Ту сенің қадіріңе жете алмай жатырмыз-ау. Ток заманда туған жастар сахна төріне шығып, мемлекеттік рәмізімізді қорлап, аузына келгенін оттап ойран салауда. Осындай есерлік пен ессіздіктің сазайын беретін зан орындалуы тиіс. Мейлі ай бол, жұлдыз бол, кім болсаң ол бол, біздің көк Туымызды қорлауға ешкімнің қақасы жоқ. Бұл бір «кешірім» сұрап құтыла салатын мәселе емес. Қатаң түрде жазасын алып, айыбын өтеуі тиіс, – деп жазды әнші Instagram парақшасында.

Сахнаның сайын кетіргендерді заңмен қудалау керек. Себебі мұндай бас-сыздық қайталануы да бек мүмкін. Ал заң не дейді? Заңға сүйенсек, мемлекеттік рәміздерді қорлағандар Қылмыстық кодекстің 372-бабы «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» бойынша жазаланады. Мәселен, мемлекеттік рәміздерді қорлағандар 2 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыпшұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандық шектеуге, болмаса сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал көптің алдына шығып бей-әдеп сөз айтқаны, этикаға қайшы қылықтар қорсеткені Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы бойынша «Ұсақ бұзақылыққа» жатады. Заң бойынша қоғамдық орындарда былайыт сөйлеген адамға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыпшұл салынады немесе 10 тәулікке әкімшілікке қамаққа алынады.

«Туды талқыға түсіріп қорлағандар сол ісіне сәйкес жазасын алсын». Бұл – көпшіліктің қойған талабы. Киелі сахнаның қадірін кетіргендер қатаң шарасын алуы қажет. Ұлттық құндылықты таптап, халықты сыйламайтын, сорақы қылық көрсететін жастарды сахнаға шығармау керек. Өнерді сүйетін, бойында қазақ еліне деген құрметі жоғары жастардың талап-тілегі осындай.

Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп Үкіметке депутаттық сауал жолдап, бұл әрекетке қатысты ұсынысын жеткізді. – Өдетте концертті кімдер ұйымдастырады? Қалтасында қомақты қаржысы барлар өткізеді. Оларға айыпшұл төлей салу түкке тұрмайды. Мәдениет министрлігі жанынан репертуарлық алқа мен республикалық және аймақтық көркемдік кеңестер құрылуы керек. Талантарды бұзған шығармашыл ұйымдар мен әншілердің қызметіне 5 жылға дейін шектеу қоюды талап етеміз, – деді депутат Нұртөре Жүсіп.

Қазақтың көк Туының қорланып, тапталуы, мазаққа айналуы ешкімді де бей-жай қалдырмады. Мұның өзі елімізде рухты, намысты азаматтар бар екенінің дәлелі. Осы қарқын бойымызда тұрса Ту талай құрметке ие болар. Ал бүгінгі оқиға әлеуметтік желіде ғана улап-шулап уақыт өтті басылмауы қажет. Бұл мәселені заңды түрде шешіп, жауапсыздар жазасын алуы тиіс. Сонда ғана желінен жастар сабақ алып, еңді қылық жасарда ойланары анық.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай орталық стадионда «Бақ орданың бақытты балалары» атты мерекелік шара өтті. Балғындар мерекесіне орай ұйымдастырылған концертте ән мен биден шашу шашылып, балаларға базарлық ұйымдастырылды. 6000-ға жуық бала тамашалаған думанды шараға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев балаларды мерекемен құттықтап, сый-сияпат жасады.

БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕМ ӘДЕМІ

– Баршаңызды 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін балаларымыз үшін естен кетпес керемет мереке! Біз ел болашағы – білікті де білімді ұрпақ тәрбиелеуде барлық мүмкіндіктерге жол ашамыз. Биыл әлеуметтік қолдауды қажет ететін 500 балаға спорт кешендеріне тегін абонемент берілді. Сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1030 бала жана типтегі электронды оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Жазғы маусымда 1 мен 10 сынып аралығындағы оқушылардың 97 проценті түрлі сауықтыру, жұмыспен қамту, үйірме, экскурсиямен қамтылады. «Балалар жылына» тарту ретінде биыл демеушілер есебінен қаламызда 1 млрд теңгеге 50-ге тарта, одан бөлек аудандарға 30-дан астам спорт-ойын алаңдары пайдалануға беріледі. Сонымен қатар жоспарға сәйкес 400-ден аса ірі көлемді шара өткізіліп, оған 165 мыңнан астам бала қатысады, – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарада аймақ басшысы түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан, оқуда үздік атанған 20 оқушыға Қоқшетау қаласындағы «Балдәурен» лагеріне тегін жолдама табыстады. Одан бөлек, облыс әкімі халықаралық республикалық білім сайыстарында жеңімпаз атанған 10 балаға нәтижесіз сыйлады. Аймақ басшысы балалар жылына базарлық ретінде 100 велосипед сыйға тартты.

Облыс басшысы балалардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдары қойылған арнайы көрмені аралап көрді. Сондай-ақ оқушылар үйінен ашылған арнайы студияда журналист болуды армандаған балаларға сұхбат берді.

«Ғылымға бет бұрған балалар» көрмесінде №268 мектеп-лицейдің оқушысы Балжан Төрехожа өзінің ғылыми жобасын таныстырды. Оқушы дайындаған жобаның негізгі мақсаты – дәрілік өсімдіктерді қайта жаңарту. Жоба дайындау барысында жас ғалым сабын ойлап тапқан. Айта кететін жайт, бұл ғылыми жоба Нұр-Сұлтан қаласында өткен байқауда жүлделі I орын иеленіп, Мәскеу қаласына жолдама жеңіп алды.

Орталық стадион жанында ұйымдастырылған «Кеңес беру аллеясында» сала мамандары келіп, балаларға кеңес берді. Облыстық балалар ауруханасының педиатр дәрігері Раушан Байжанова өз сөзінде аллеяда 50 баланы қабылдағанын жеткізді.



– Облыстық балалар ауруханасынан кеңес беру аллеясына педиатр мен арнаулы мамандар келді. Таңертеңнен бері 50 баланың ата-анасына бала денсаулығына байланысты кеңес берілді. Оның ішінде 10 ата-ана өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, оларға кей аурулардың алдын алу туралы кеңес берді, – деді педиатр дәрігер Раушан Мұқамбетқалиқызы.

Мерекелік шарада «Kalifamiya», Әбдіжаппар Әлжолжа сынды танымал өнерпаздар ән шырқады. Сонымен қатар сахна жанында цирк артистері өнер көрсетіп, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Шарада аймақтың өнерлі өрендері әнінен шашу шашса, мың бұралған балғын бишілер таланттарын көпшілік назарына ұсынды.

Нұрай АХМЕТОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті
Суреттерді түсірген НҰРЖАУБАЙ

ЖҮРЕКТЕН ТӨГІЛГЕН МЕЙІРІМ

Әрбір ата-ана үшін баласының көз алдында жүгіріп жүргенін асқан бақыт жоқ шығар, сірә. Өкінішке орай, бүгінде аса күтімді қажет ететін, ерекше балалардың қатары аз емес. Ал баласының өмірге ерекше болып келуді қандай ата-анаға да оңай соқпасы анық.

Осы орайда 1 – маусым халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында медицина мамандарының мүмкіндігі шектеулі балаларына тосын сый жасалды. Қайырымдылық шараны «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы РҚБ облыстық филиалы мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастырды.

Мерекелік кеште облыстық филиал төрағасы А.Аблайханұлы Мемлекет басшысының Жарлығымен жарияланған «Балалар жылы» аясында ерекше балалар мен олардың ата-аналары үшін арнайы қайырымдылық шара ұйымдастырып отырғанын атап өтті. Бүгінгі шарада денсаулық саласында жұмыс істей жүріп, ерекше бала бағатын 20 ата-ананың арқайсысына материалдық көмек ретінде 100 мың

теңгенің сертификаты берілді. Сондай-ақ балаларға тәтті суусандар тарту етіліп, сыйлықтар үлестірілді. Расында, қуанса, бала қуансын. Оның ішінде қамқорлық жағдайға көрсетілген көмек пен жылы мейірім оларға таудай күш сыйларға анық.

– Бүкіл әлем болып жаздың алғашқы күнін балғындардың тыныштығы мен болашағы қорғалатын күн ретінде тойлайды. Бүгінде мемлекет тарапынан балалардың бақытты да баянды өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалуда. Өздеріңізге белгілі, биыл балалар жылы жарияланып, балаларға түрлі қамқорлық шаралары ұйымдастырылуда. Әсіресе, ерекше азаматтарға арналған көптеген бағдарламалар жүзеге асуда. Жалпы мұндай балаларды қоғамға бейімдеу мен сауықтыруда ерте кеңес беріп, емдеу



маңызды. Қызылорда облысында бұл тұрғыда көптеген жұмыстар атқарылуда. Мәселен, облыстық ауруханасы жанынан «Қамқорлық» орталығы ашылды. Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің кәсіп-одағы тарапынан түрлі қамқорлық шаралары өтуде. Соның бірі бүгінгі қайырымдылық шарасы, – деді

облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы С.Пазылов.

Айта кету керек, бір реттік жәрдем-ақы тағайындау үшін арнайы комиссия құрылған. Қосайлаша іріктеуден өткен 20 балаға қаржылай көмек көрсетілді.

Нұрайым МАРТАҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРДЫ

Балаларды қорғау күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Балалар жылы» аясында көпбалалы отбасыларға Жаппасбай батыр көшесінде орналасқан 50 пәтерлік жаңа үйдің кілтін табыстады.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты екенін атап өткені белгілі. Соған сай өңірімізде тұрғын үй құрылысына басымдық беріліп, баспана мәселесін

шешу батыл қадамның біріне айналды. 1 – маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Қызылордада жаңа тұрғын үйді пайдалануға беріп, көпбалалы отбасылардың қуанышына ортақтасып отырмыз. Балаларымыз жаңа үйге шаттана кіріп, ішін бақытқа толтырсын деп тілеймін. Қоныс тойларыңыз құтты болсын, – деді облыс әкімі.

Мереке қарсаңында тамаша тартуға ие болған көпбалалы отбасы Сейтжаппаровтар аулетіне аймақ басшысы арнайы барып, жаңа қонысқа бақбереке тіледі.

Айта кету керек, Сыр өңірінде 30 жыл ішінде 8 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Биылдың өзінде «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауданы 95 мың шаршы метр, 1294 пәтерді құрайтын 31 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына бері алаш азаматтарының 30 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Нұрайым МЫРҚЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерінде көтерілген мәселелер бойынша ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

р/с	Көтерілген мәселелер	Орындалу мерзімі
Қызылорда қаласы		
1	Титов тұрғын ауданына емхана салу мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
2	Ө.Қашаубаев көшесінің екі жағына тал егу	Қазан айы
3	Ө.Қашаубаев көшесінің тұсында №10 мектепке баратын жолға аялдама орнату мәселесін қарастыру	Шілде айы
4	Т.Бокин көшесіне (№173 мектеп жаны) жаяу жүргіншілер жолын сапу, жарықтандыру, асфальттау мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
5	М.Ералиев атындағы мәдениет үйінің ауласындағы спорт және ойын алаңын тиісті мекеменің теңгеріміне өткізу	Шілде айы
6	Өл-Фараби шағын ауданындағы аяқ су мәселесі	Шілде айы
7	Өл-Фараби шағын ауданына №22 бағыттағы қоғамдық көлікті қайта қатынау мәселесі	Маусым айы
8	Желкілдек батыр көшесін асфальттау мәселесін қарастыру	Қазан айы
9	Қамалов тұлғасы көшесін асфальттау мәселесін қарастыру (№173 мектепке баратын жол)	Қазан айы
10	Бөйтерек - 1,2 көшелеріне орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу	Тамыз айы
11	Жаппасбай батыр мен Қорқыт ата көшелерінің қиылысына бағдаршам орнату	Шілде айы
12	Сағымбаев көшесінде жарық бағаналарын орнату	Шілде айы
13	Бөйтерек тұрғын ауданына Қызылжарма каналы арқылы өтетін көпір құрылысын сапу	Қараша айы
14	Өл-Фараби шағын ауданы. Нысанбай Жырау көшесінің екіші жақ бөлігіне электр бағаналарын орнату мәселесін қарастыру	Қараша айы
15	Байқоңыр көшесінде жаяу жүргіншілер жолын сапу мәселесін қарастыру (тротуар)	Тамыз айы
16	Арай-Шұғыла мөлтек ауданының электр желілерін жүргізу	Желтоқсан айы
17	Құлтеңінов көшесінде аялдама орнату мәселесін қарастыру (Құлтеңінов пен Хельбэя көшелерінің қиылысы)	Шілде айы
18	Арай-Шұғыла мөлтек ауданына көше атауларын беру және нөмірлендіру	Тамыз айы
19	Арай-Шұғыла мөлтек ауданына мектеп құрылысын сапу мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
20	Саяхат мөлтек ауданына №11 бағыттағы қоғамдық көлікті қайта бекіту	Шілде айы
21	Қоғамдық көлікте мүгедек азаматтарға тегін жүру үшін жеңілдіктер қарастыру	Маусым айы
22	КБІ мөлтек ауданы, Қорқыт ата №12 көшесіндегі электр бағандарын жаңарту	Қараша айы
23	Шұғыла №52 көпөтегі тұрғын үйді қайта жаңғыртудан өткізу (модернизация)	Қараша айы
24	Ақмешіт мөлтек ауданы №9, 136 мектептерге баратын жолдарға жаяу жүргіншілер (тротуар) жолын сапу	Қыркүйек айы
25	Толыбеков пен Өуезов көшелерінің қиылысына бағдаршам орнату	Шілде айы
Тасбөгет кенті		
1	Кенттегі Сейфуллин көшесіне тас төсеу мәселесін қарастыру	Шілде айы
2	Кенттегі жаңа бейіттің құрылысын жалғастыру	Қазан айы
3	Абай көшесіндегі арықтардың ішіне тазарту жұмыстарын жүргізу	Маусым айы
4	Абай көшесінің бойына аялдама орнату	Қазан айы
5	Саяхатқа қатынайтын қоғамдық көліктердің жүру ара қашықтығын реттеу (интервал) №28, №30 бағыттағы қоғамдық көліктер/	Маусым айы
6	Наурыз шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын жарықтандыру	Қыркүйек айы
7	С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің шатырын жөндеу	Қыркүйек айы
8	Тасбөгет кентіне ауыз су қызметі үшін ақы төлейтін қасса ашу	Шілде айы
Бөлкенті		
1	Өлдіқадыров көшесінің Тасбөгет кентімен шекарасында орналасқан көріз суларды төгетін суғи алаңының жұмысын ретке келтіру	Маусым айы
2	Бөлкенті тұсында орналасқан медициналық қалдықтарды залалсыздандыратын орынның жұмысына тексеру жұмыстарын жүргізу	Маусым айы
3	Өлдіқадыров-3 көшесінде түнгі жарық шамдарын орнату	Шілде айы
4	№11 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы ескі көріз су жүйесінің құбырын ауыстыру	Шілде айы
5	Теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін сапу	Қазан айы
6	Кентке аяқ су тарту ұңғыма (скважина) қазу	Шілде айы
Қызылжарма ауылдық округі		
1	Р.Батырбаев және Қ.Секенбаев көшесінің қиылысына бағдаршам орнату	Тамыз айы
2	Ауылдық округте аяқ су тарту ұңғыма (скважина) қазу	Шілде айы
3	Ауылдық округтегі Сайлыбаев және №4А көшелеріне орташа жол жөндеу (тас төсеу)	Шілде айы
4	Қызылжарма-20, 21 көшелеріне қиыршық тас төсеу	Қазан айы
5	Ауылдық округтегі аяқ су жүретін каналдарды қазу, тазарту	Шілде айы
Қосынырау ауылдық округі		
1	Ауыл тұрғындарын газбен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
2	Абай ауылындағы авариялық ескі амбулаторияны бұзып, орнына жабық спорт кешенінің құрылысын салу үшін ЖСҚ дайындауға қаржы бөлу мәселесін қарастыру	Тамыз айы
3	Ауылдық округтегі сиыр фермасынан амбулаторияға дейін жарық бағандарын орнату	Шілде айы
4	Досан ауылына медициналық бекет салу мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
Қарауылтөбе ауылдық округі		
1	«Әбдіқалық» бейітіне қоршау жұмыстарын жүргізу	Шілде айы
2	Бақшалық жерлерді суландыру мақсатында 2 дана аяқ су насосын алу	Шілде айы
3	Ауылдық округте аяқ су тарту ұңғыма (скважина) қазу	Шілде айы
4	Ауылдық округте 150 орындық типтік жобадағы мәдениет үйінің құрылысын салу	Қараша айы
Қызылөзек ауылдық округі		
1	Қараөзек ауылындағы Ж.Жабаев көшесін жарықтандыру	Шілде айы
2	Айнакөл-2,3,4,5 көшелеріне жарық бағаналарын орнату	Шілде айы
3	Ауылдық округте аяқ су тарту ұңғыма (скважина) қазу	Шілде айы
4	«Левая ветка» каналын және «Шегіртке» шабындығына дейін «Сталин» каналын қазып, тазарту	Шілде айы
5	Қызылөзек ауылдық округіне қарасты үш елді мекенді іспесе газбен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
Талсуат ауылдық округі		
1	Ауылдық округте аяқ су тарту ұңғыма (скважина) қазу	Шілде айы
2	Талсуат ауылындағы тұрғындар жаңадан қоныстанған аумаққа және басқа да 13 көшеге электр желісін тарту	Шілде айы
3	Жаңадан салынған ауыз су құбыры сапасының мәселесін шешу жолдарын қарастырып, тиісті мекеменің теңгеріміне беру	Шілде айы
4	Қазалы, Көкшетау көшелеріне жарық бағаналарын орнату	Шілде айы
Ақарма ауылдық округі		
1	Ауылға аяқ су тартуға ұңғыма (скважина) қазу	Шілде айы
2	Талдыарал елді мекеніне электр желісін жүргізу	Шілде айы
3	Ауылдық округте газ жүргізу жұмыстарына қаржы бөлу мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы
4	Тоғай көшесіне көше жарығын орнату	Шілде айы
Ақсуат ауылдық округі		
1	Ауылдық округтегі газбен қамтамасыз ету	Желтоқсан айы
2	Аяқ су насосын алу (2 дана)	Шілде айы
3	Электр бағандарына жаңадан орнатылған электр есептегіш (смарт счетчик) құралдарын қолжетімді жерге орнату	Шілде айы

НӘУБЕТ ЖЫЛДАР САНАДАН ӨШПЕК ЕМЕС

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Қалада осыған орай «Достық» үйінде «Қазақстандағы саяси-қуғын сүргін: Сыр өңіріндегі нәубет жылдар шежіресі» атты облыстық ғылыми-танымдық конференция өтті. Конференцияға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова модераторлық етті. Шараға саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша облыстық комиссия мен жұмысшы топтың мүшелері, зиялы қауым өкілдері, жоғары оқу орындарының ғалымдары, үкіметтік емес ұйым жетекшілері, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының белсенділері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Жомартқызы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгілік жадымызда сақтау мақсатында 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде аталып



келе жатқанына биыл 25 жыл толғанын айтты. Сондай-ақ нәубетті жылдардың зардабын тартқан халықжайында ақпарат бере отырып, ашық шындық бүгінге дейін бұрмаланып келгенін, десе де тәуелсіздік алған жылдан бері алаш азаматтарының ерен еңбектері мен маңызды құжаттары айышталып, ақиқаттың көзі әлі де

ашылып жатқанын айтты. Мұндай ауыр кезеңді Сыр жұртшылығы да бастан кешіргенін мәлім етті. Қолда бар ақпараттарға сүйенсек, тоталитарлық жүйе жүргізген саясаттың салдарынан облыс бойынша 4038 отбасы қуғынға ұшыраған. Ал 1153 адам өлім жазасына кесіліп, атылған. Тоталитарлық жүйе салдарынан болған ашаршылық қазақ халқынан бөлек Украина, Беларусь, Молдова және Ресей жұртшылығын да айналдырды.

1992 жылы құрылған Парламенттік комиссияның қорытындысы бойынша, Қазақстан халқынан 1931-1933 жылдары ашаршылықта 2 млн 300 мың адам қырылған делі. Сондай-ақ этнос өкілдерінің саны 200 мың адамды құраған. Мұндай ауыр азапты оқиғалар халық жадында мәңгі сақталмақ, – деді басқарма басшысы.

Конференцияға «Темірбек Жүргенов» атындағы қоғамдық қор төрағасы Сәпен Аңсағ «Ұлт зиялыларын ұлықтау – елдіктің белгісі» және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Айтжан Оразбақов «XX ғасырдың I жартысында Сыр өңіріне депортацияланған халықтар», Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сағат Тайман «Архив құжаттарындағы түркістандық әскери тұтқындардың тағдыры», Қызылорда облысының мемлекеттік архивінің басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты Жанат Абзалиева «Ұжымдастыру науқаны және ашаршылыққа қатысты архив

құжаттарында», одан әрі Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әзіз Батырбеков «Саяси репрессия мен ашаршылық тақырыбының казак баспасөзіндегі көрінісі» тақырыптарында баяндамаларын оқыды. Жиынға қатысушылар тарихи датаның маңызы мен пайымын болашақ ұрпаққа жеткізу – адамдық әрі тұлғалық борышымыз екенін баса жеткізді.

Конференция соңында Мира Қазбекова: «Бір конференция аясында халқымыздың басына түскен нәубет-зобалаңды түбегейлі қарастыру мүмкін емес. Бұл бағыттағы кешенді іс-шаралар өзінің қисынды мәресіне жеткенше әлі жалғаса береді. Бұл баршамыздың ортақ мүддесі», – деп, зерттеулер аяқсыз қалмайтынын атап өтті.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Маусымның алғашқы күнінде қаламыздағы Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп лицейде жас өрендерге «Зернтай» тынығу лагеріне жолдама ұсынылды. Олардың ішінде үздік оқушылар, түрлі пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары алғашқы ауысымда демалуға мүмкіндік алды. Бұл күні Абай атындағы №2 мектеп-лицей, Б.Алтынсарин атындағы №10, №212 мектеп-гимназияда білім алатын 60 балаға тегін жолдама табысталды.

Ел ертеңі – балалардың болашағын баянды ету барша адамзатқа ортақ парыз. Олардың балғын жүзінен нұр шашып, бар ықыласымен риза болғанын көруден асқан бақыт жоқ. Балалардың демалысын тиімді ұйымдастыру жұмыстары үнемі назарда. Бұл кезең оқушыларға ұмытылмайтын әсер қалдыратыны сөзсіз. Уайымсыз, қамсыз балалық шақтың балдаурен сәті осы кезеңмен байланысты. Сондықтан біз лагерде балаларға барлық жағдайды жасадық. Олар түрлі бағдарлама бойынша демалыс күндерін қызықты өткізеді. Алдағы уақытта қала бойынша 1000-ға жуық баланы тегін жазғы тынығу лагерімен қамтамасыз ету жоспарлануда, – деді қалалық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Шолпан Жүнісова.

Басы 1-бетте

Қаламыздағы Б.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің оқушысы Дәулетжан Әмірзақов биыл 7-сыныпты бітірді. Ол да өзге балалар секілді жаздың жаймашуақ күнін асыға күтті. Өйткені олар үш ай бойы демалып, жана оқу жылын жақсы көңіл-күймен қарсы алуды қалайды. Бірі ауылдағы туыстары

БІЗ ЛАГЕРЬГЕ БАРАМЫЗ...



мен ата-әжелеріне баруды ойласа, кейбірі лагерде тынығуды жөн көреді. Дәулетжан демалысты лагерде өткізуге асық.

Жазғы демалысым өте тамаша өтетініне қуаныштымын. Онда балаларға барлық жағдай жасалған. Жана достар табымыз.

Түрлі үйірмелерге қатысып, көңіліміз көтеріледі. Лагерде барлық іс-шараға белсене қатысуды жоспарлап отырмын, – дейді ол.

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерге барамыз» деп шаттанған өрендердің жүзінен қуаныш байқалады. Демалысын қызықты өткізуге мүмкіндік алған оқушылар алғысын жеткізді.

шабытыңды шырдауға болады. Керемет көңіл-күймен қайтамыз деген сенім мол, – дейді 8-сынып оқушысы Аяулым Жакиева.

Жаз айлары – балалардың толыққанды демалып, денсаулығын нығайтуына, жана оқу жылын тың күшпен бастауларына қолайлы уақыт. Сондықтан да бұл уақытты

өрендердің лагерге баруына тиісінше көмектер жасалуда. Атап өтсек, сырбайлық өрендер үшін 9 балалар тынығу лагері өз жұмысын бастады.

– Облыс бойынша 1-10 сынып аралығындағы 159 263 баланың 100 мыңнан астамы жазғы тынығу лагерінде демалады. 7 мемлекеттік және 2 жеке жазғы ты-



Үш ай демалыс кезінде балалардың уақытын қызықты өткізу үшін басқа да жоспарлар бар. Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, 32 мыңнан астам оқушы өңірдегі тарихи ескерткіштерге саяхат жасайды. 5 мың бала облыстағы демеушілер есебінен Нұр-Сұлтан қаласына экскурсияға барды. Айта кеткен жөн, жазғы маусымда балалардың қауіпсіздігін сақтау маңызды шарт. Сол үшін де бұл тұрғыда екі жақ бірдей баламен жұмыс істеуі керек. Ал лагерде төтенше жағдайдың алдын алуға байланысты тиісті шаралар жасалады. Арнайы медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі.

Біз көп нәрсені ұсақ-түйек санаймыз. Ал мән беріп қарасақ, жазғы лагер – тек демалыс орны ғана емес, үлкен тәрбие мен үгіт-насихат құралы. Мәселен, балалар онда демалып қана қоймай, денсаулығын түзейді, қоршаған ортаны танып, еңбекке, достыққа бейімделеді.

Жазғы демалыс – балалардың жақсы тынығып шығуына жасалатын мүмкіндік. Сондықтан олардың бұл мезгілді қызықты өткізудің қолайлы жағдай болғанына не жетсін.

Айтқолын АЙТЖАНОВА
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ҚАНДАЙ КІТАП ОҚИМЫЗ?

Биылғы жазда 92 күн бар. Аз болып көрінгенмен, уақытты дұрыс пайдалана білген адамға бұл зор мүмкіндік. Жазғы каникулды тек демалысқа арнамай, білімге де уақыт бөлең дұрыс. Мысалы, адам орташа есеппен 1 минутта 200 сөз оқиды екен. Демек күн сайын 2 сағат уақытыңызды арнасаңыз 12 000 сөз оқисыз.

Кітап оқуды әдетке айналдыру маңызды. Себебі интеллектті адам қашанда білім, ақыл мен парасатты кітаптан алады. Бұл – факт. Ал оқу дағысын ерте жастан-ақ қалыптастырған

деп ойлайды. Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Көркем туындыда Қожаның балалық махаббаты да үлкен рөл ойнайды. Ол сыныбындағы үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік оқитын Жанар деген қызды жақсы көреді. Тіпті кей кездері Жанарға арнап өлең де шығарады. Жанарды үнемі көргісі келіп тұрады. Сонымен қатар Қожа жазушы болуды армандайды.

Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі – адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін шығарма. Бұл әңгіме 1929 жылы жазылған. Реалистік

шындығын айтатын өлең, қара сөздер мен аудармалардан тұрады.

Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралады, поэма жанрына көп бой ұрмағаны байқалады. Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адамдар портретін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Ислам діні тараған Шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы танысу арқылы өзінің шеберлігін одан әрі шыңдайды. Шығыстың екі

Бұл әңгімеде Октябрь революциясының жеңісінен кейінгі Кеңес өкіметіне қарсы ірікті салып, елдің үрейін, момын шаруалардың берекесін кетірген бандылардың қарақшылық әрекетін әшкерелеу жайы сөз болады.

Жас өрендерге Бауыржан Момышұлының шығармаларын да оқуға кеңес береміз. Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя» повесі – халқымыздың XX ғасырдың басындағы этнографиялық энциклопедиясы іспетті қазақ руханиятының аса құнды қазынасы. Кітапта салт-сана, дәстүр, ұлттық келбет шынайы суреттеледі. Бауыржан Момышұлының мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Үшқан ұя» кітабында он алтыншы жылдың дүрбелеңі мен күштеп ұжымдастыру кезіндегі тартыстар батыл айтылып, Кеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары кеңінен қамтылған.

Дулат Исабековтің 1977 жылы сахналық қойылымға арналып жазылған «Әпке» драмасы да жас оқырманға қызық деп ойлаймыз. Бұл туынды драма болғандықтан кейіпкерлердің сөйлеген сөздері мен іс-қимылдары интонация мен сезімге толы. Басты кейіпкер – Қамажай. Туындыда кездескен қиыншылықтарды көтере білген, бауырларына қамқор болған жан туралы айтылады. Драмда Қамажайдың өмірге құштар екенін байқаймыз. Ата-анасынан жастай айырылған ол өмірін бауырларына арнаймын деп өзін ойлауды қояды. Оны Қабен атты жігітке «Қабен ол... ол қиын сияқты, бауырларымызды қиып тастай алмаймын, олар әлі мен үшін бала, өздігінен өмір сүретініне күмәнім бар...» деп ұсынысына кері жауап қайтарғанынан білеміз. Терең философиялық мағынаға ие шығарма көп адамның сұранысын тудырды.

Шетел әдебиетіне қызығатын балаларды да назардан тыс қалдырмадық. Жюль Верннің «Он бес жасар капитан» кітабының қазақша аудармасы 2011 жылы жарық көрді. Ғылыми-фантастикалық романдардың негізін салушылардың бірі, француз жазушысы Жюль Верннің бұл кітабы жоғары сынып оқушыларына ғана емес, 5-6 сынып шәкірттеріне де қызықты болатыны анық. Романда атынан көрініп тұрғандай, 15 жасанда кеме капитаны болған Дик Сэнд деген баланың басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары және өміріндегі ең қиын шақта қасында демеу болған достары жөнінде жазылған. Сондай-ақ Г.Андерсен мен Дж.Лондонның шығармаларын да оқуға кеңес береміз.

Сонымен қатар «Оқу керек кітаптар» тізіміне Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», Бейімбет Майлиннің «Шұғының белгісі», Сайын Мұратбековтің «Жусан ісісі» атты кітаптарын қосуға болады.

А.БІРКЕНОВ

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ

Жуырда облыстық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы, тіл жанашыры Сәдуақас Асанғаттың «Сөзім – ұстанымым» кітабының насихаттау шарасы өтті.



Шараға «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының директоры Бауыржан Елеусінов, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас, еңбек ардагері Тобаш Ембергенов, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрқожаев, «Кітап құрттары» ұйымының төрағасы Талғат Мендібай мен студент жастар қатысты.



Автор бұл жинағында жастарды ел тәуелсіздігін тұғырлы ету жолында ұлттық ұстанымға берік болуға үндейді. Екі томдық болып басылған кітап көпшілік оқырманға арналған. Бірінші томында 2015 жылға дейін мерзімді басылған бетінде жарық көрген мақалалары жарияланған. Ал екінші томдығында 2015-2020 жылдары жазған публицистикалық дүниелері енгізілген.

Сәдуақас Әбдіқадырұлы еңбек жолында тіл, мәдениет, саясат, экономика саласындағы өзекті тақырыптарды мәселе етіп көтеріп, көпшілік назарына ұсынып келеді. Жинақты оқи отырып, «Қазақ тілі» қоғамының ел игілігі жолында атқарған жұмыстары мен мәртебелі міндеттерін толық түсінесің. Сонымен қатар өңіріміздегі қоғам қайраткерлері, идеология саласының мамандарымен сырлы сұхбаттары топтастырылған.

Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ



дұрыс. Сондықтан біз бүгін балаларға оқуға болатын кітаптар тізімін ұсынып отырмыз.

Әдебиет әлеміне жол сілтейтін бірден-бір туынды – Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы. Бала кезден теледидардан көрген сотқар Қожа туралы повесть 1957 жылы жазылған. Қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын повесть орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды. Ал біздің көріп жүрген фильмді 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы жарыққа шығарды.

Повесте кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да жақсы адам болуға талпынысы бар. Өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен

әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы саналану бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты әңгіме. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Адам қолында өскен, бірақ адамға қиянат еткен, оның ет-бауырын езіп, жара салған қожал сол адам қолынан өлім тапты. Образды ой символдық ойға, әуенді сарын үлкен идеяға ұласып, сахара топырағындағы шындықты қанық бояу, айқын колоритпен бейнелеген «Көксерек» әдебиет шеберінен биіктеп көтеріліп, әлемдік жауһарлар қатарына қосылған.

Балаларға хакім Абайдың шығармаларын оқу да артық болмайды. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мағынасы жағынан терең ойды тербейтін, тәрбиелік мәні мол, қоғамның ашы

хикаясын «Масғұт» және «Ескендір» деген атпен жарға айналдырады.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын дара-лап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны 45 бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әралуан. Оның қарасөздері мазмұн, тақырып жағынан өзгеше, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аудармай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Сәкен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі 1922 жылы жазылған.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4261 Тапсырыс №900
Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолын АЙТЖАНОВА